Әдеби шолу. Халықаралық зерттеулер генеративті ЖИ құралдарының білім беру тиімділігіне оң әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Liu Dong және т.б. (2025) ғалымдардың жүргізген мета-талдауында ЖИ жүйелерінің студенттердің академиялық жетістіктеріне статистикалық мәнді ықпал

ететінін анықтады. Сонымен қатар, Tasdelen және Bodemer (2025) генетаривті ЖИ арқылы контекстік дербестендірілген тапсырмалар студенттердің оқу мотивациясын арттыратынын көрсетеді. Алайда, генеративті ЖИ қолдану тек мүмкіндіктермен шектелмейді. Алгоритмдік бейтараптық, академиялық адалдық, деректер қауіпсіздігі және шынайылыққа сәйкес емес жауаптар түзу феномені секілді тәуекелдер Andersen және т.б. (2025); Nguyen және т.б. (2023) зерттеушілердің назарын аударуда. Бұл факторлар педагогикалық интеграция кезінде стратегиялық басқару қажеттілігін көрсетеді. Генеративті ЖИ білім берудегі қарқынды дамуы 2022 жылдан бастап, Cordero және т.б. (2025) еңбектерінде әсіресе ChatGPT және үлкен тілдік модельдердің (LLMs) пайда болуымен байланыстылығы байқалады. Liu Dong және т.б. (2025) зерттеулерінде генеративті ЖИ құралдарының оқыту, бағалау, кері байланыс беру, академиялық жазу және дербестендірілген оқыту процестеріне ықпал ететінін көрсетеді.

Жүйелі әдеби шолу, Shan Wang және т.б. (2024) зерттеулерінде білім берудегі инновациялық технологияларды кешенді талдауда кеңінен қолданылады, себебі ол әртүрлі эмпирикалық нәтижелерді біріктіріп, теориялық және практикалық үрдістерді айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, генеративті ЖИ педагогикалық контексте зерттеу барысында аймақтық ерекшеліктерді ескеру маңызды, себебі ЖИ интеграция деңгейі елдердің цифрлық инфрақұрылымына, педагогтардың ЖИ сауаттылығына және білім беру саясатына тәуелді. ЖИ қолданумен оқыту деректерге негізделген шешім қабылдауды күшейтеді және оқушылардың жеке траекториясын құруға мүмкіндік береді. Shan Wang және т.б. (2024) ғалымдардың жүргізген жүйелі шолу негізінде ЖИ құралдарының мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, генеративті ЖИ педагогикалық инновация мен технологиялық трансформация арасындағы байланысты нығайтады. Бұл үдеріс білім беруді цифрландырудың жаңа кезеңін сипаттайды.

Зертту әдістері мен материалдары. Зерттеу генеративті ЖИ құралдарының білім беру жүйесінде қолданылуын жүйелі, құрылымдалған және дәлелді түрде талдауға бағытталған. Зерттеу Page M және т.б. (2021) еңбектеріндегідей PRISMA 2020 халықаралық есеп беру стандарты негізінде құрылды. PRISMA стандарты жүйелі әдеби шолулардың айқындылығын, репликация мүмкіндігін және әдіснамалық сенімділігін қамтамасыз етуге арналған.

PRISMA 2020 негізінде құрылуы зерттеудің ғылыми сенімділігін арттырып, аймақаралық салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Жүйелі іріктеуден өткен мақалалар мазмұндық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы зерттелді. Талдау екі кезеңнен тұрады:

1. Жүйелі әдеби шолу (Systematic Review) – 2022-2025 жылдар аралығында жарияланған генеративті ЖИ қолдануға арналған ғылыми мақалаларды PRISMA 2020 логикасы бойынша іріктеу және талдау.

2. Аймақтық салыстырмалы талдау (Comparative Regional Analysis) – Азия, Батыс елдері (АҚШ және Еуропа), Ресей, Қазақстан (отандық) елдердегі зерттеулерді мазмұндық, әдіснамалық және педагогикалық тұрғыдан салыстыру.

Бұл тәсіл білім берудегі генеративті ЖИ қолдану ерекшеліктерін, педагогикалық трансформация деңгейін және ықтимал тәуекелдерді кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алгоритмдердік әділеттілік, академиялық адалдық және деректер қауіпсіздігі мәселелері де талдау шеңберінде Andersen және т.б. (2025), Nguyen және т.б. (2023) еңбектерінде қарастырылады. Осылайша, таңдалған зерттеу дизайны халықаралық академиялық талаптарға сәйкес келеді және генеративті ЖИ білім беру жүйесіне ықпалын теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді іріктеу PRISMA 2020 нұсқаулығының талаптарына сәйкес жүргізілді. Іздеу процесінің айқындылығы мен репликация мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында іздеу стратегиясы алдын ала анықталып, жүйелі түрде орындалды.

Ғылыми мақалаларды жинақтау үшін келесі халықаралық библиографиялық дерекқорлар пайдаланылды:

- Scopus;
- Web of Science Core Collection;
- ERIC (Education Resources Information Center);
- SpringerLink;
- ScienceDirect;
- Қазақстандық ғылыми басылымдар ұлттық дерекқоры

Аталған дерекқорлар білім беру технологиялары мен ЖИ саласындағы жоғары импакт-факторлы журналдарды Zawacki-Richter және т.б. (2019) зерттеулерінде қамтылатыны айтылады. ЖИ білім беру контексінде талдауда Web of Science пен Scopus дерекқорларының сенімділігі жоғары екені Bond және т.б. (2021) еңбектерінде көрсетілген.

Іздеу 2025 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында жүргізілді. Уақыт аралығы ретінде 2022-2025 жылдар таңдалды, себебі генеративті ЖИ құралдарының білім беру жүйесіне белсенді интеграциясы 2022 жылдан кейін күшейгендігі туралы Dwivedi және т.б. (2023) негіздеген. Іздеу барысында Boolean операторлары (AND, OR) қолданылды.

Негізгі кілт сөздер: “generative artificial intelligence OR GenAI OR ChatGPT OR large language models OR LLM” AND “education OR higher education OR school education OR teaching OR learning OR assessment”.

Талдаудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін: кодтау екі кезеңде жүргізілді, қайталама тексеру әдісі қолданылды, категориялар теориялық әдебиеттермен салыстырылды. Бұл процедура сапалық Higgins және т.б. (2022) зерттеулерінде ішкі валидтілікті арттыруға бағытталған.

Кесте 1 — Іріктеу критерийлері

Қосу критерийлері	2022-2025 жылдар аралығында жарияланған мақалалар
	Рецензияланған ғылыми журналдар
	Білім беру саласында генеративті ЖИ қолдануға арналған зерттеулер
	Эмпирикалық немесе теориялық негізделген жұмыстар
	Ағылшын, орыс немесе қазақ тіліндегі жарияланымдар
Шығару критерийлері	Конференциялық тезистер
	Редакциялық мақалалар немесе қысқаша пікірлер
	Тек техникалық сипаттағы ЖИ модельдерін сипаттайын, білім беру контексті жоқ мақалалар
	Дубликаттар

Бұл критерийлер Kitchenham және Charters (2007) жүйелі шолуларында сапаны қамтамасыз ету үшін кеңінен қолданылады.

Іздеу нәтижесінде табылған мақалалар бірнеше кезеңнен өтті:

1. Identification – дерекқорлардан барлық нәтижелерді жинау;
2. Screening – тақырып және аннотация бойынша бастапқы сүзу;
3. Eligibility – толық мәтінді талдау;
4. Inclusion – соңғы талдауға енгізілген мақалалар

Бұл процесс PRISMA 2020 сүзгілеу кезеңдері төмендегі кестеде көрсетілген.


Кесте 2 – Сүзгілеу кезеңдері

Кезең	Үдеріс сипаттамасы	саны
1. Идентификация (Identification)	Scopus	214
	Web of Science	176
	Google Scholar	148
	eLIBRARY / CyberLeninka	96
	KazNU, ҚФБҰД, RUDN, Springer және т.б.	88
	Барлығы анықталған жазбалар	722
2. Дедупликация (Screening – duplicates removed)	Қайталанатын мақалалар алынып тасталды	182
	Қалған жазбалар	540
3. Тақырып және аннотация бойынша сүзу	Сәйкес келмеген мақалалар	312
	Қалған мақалалар	228
4. Толық мәтінді бағалау (Eligibility)	Әдіснамалық талаптарға сәйкес емес	136
	Толық мәтін қолжетімсіз	0
	Сапалық талдауға енгізілді	92
5. Қорытынды талдау (Included Studies)	Қазақстан	20
	Ресей	20
	АҚШ	20
	Еуропа	12
	Азия	20
	Жалпы енгізілген зерттеулер	92

Әрбір енгізілген мақала әдіснамалық сапасы бойынша бағаланды. Бағалау келесі критерийлер негізінде жүргізілді: зерттеу айқындылығы, үлгінің сипаттамасы, деректерді талдау әдістері, нәтижелердің негізділігі.

Білім берудегі ЖИ Holmes және т.б. (2022) зерттеулерінде сапаны бағалау зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыратыны дәлелденген. Аймақтық қолтау арқылы генеративті ЖИ қолдану ерекшеліктері, педагогикалық модельдер, технологиялық дайындық деңгейі және реттеу саясаты салыстырмалы түрде талданды. Мұндай салыстырмалы тәсіл білім беру технологияларын Selwyn (2022) зерттеуінде тиімді екені көрсетілген. Таңдалған мақалалар келесі аймақтық топтарға бөлінді: Қазақстан, Ресей, Батыс елдері (АҚШ, Еуропа), Азия.

Аймақтық талдау мақсатында қосымша сүзгілер қолданылды: “Kazakhstan OR Asia OR Russia OR Europe and United States”. Boolean іздеу стратегиясын қолдану Higgins және т.б. (2022) жүйелі шолуларында ақпараттың толық қамтылуын қамтамасыз ететін стандартты әдіс болып табылады.



Сурет 1 – Аймақтық үлес диаграммасы

Деректерді талдау Braun және Clarke (2026) ұсынған тақырыптық талдау моделі негізінде жүргізілді. Бұл әдіс сапалық деректерден қайталанатын үлгілерді, концептуальдық бағыттарды және мазмұндық құрылымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Жинақталған деректерді алдымен әр бір аймақ бойынша жеке тексеріліп, Қазақстан, Ресей, Азия, Батыс елдері бойынша салыстырмалы матрица арқылы талданды және талдау нәтижесінде генеративті ЖИ қолдану мәселелері келесі негізгі аналитикалық категорияларға бөлінді:

Кесте 3 — Отандық ғалымдардың еңбектерінің қолдану саласы

Қолдану саласы	Мақала саны	Үлес (%)	Авторлар
STEM пәндері	4	20%	Қалдығозова С., Шакенова М., Джилкишиева М.; Керимбаев Н., Менлибай Ж.; Сағимбаева А. және т.б.; Тулегенова Г.Т.
Тілдік пәндер	4	20%	Наурызбаева А.В, Бимағанбетова Ж.Т.; Жандилдинов И. және т.б.; Калиаскарова А.; Сулейменова З.; Мырзатаева А.Т., Матбек Н.К., Нарбекқызы А.
Әлеуметтік ғылымдар	8	40%	Қабылғазина К. және т.б.; Кушеккалиев А.Н. және т.б.; Жайдақбаева Л., Тынышбек Қ.; Абылқасымов А.Е.; Кусманов К.Р.; Тағаева А.З.; Жиенбаев Ж. және т.б.; Тукумов У.
Өнер және креативті бағыттар	2	10%	Жангужинова М.; Измагамбетова Р.
Пәнаралық / жалпы сипат	2	10%	Тұржанов Н.Т., Ележанова Ш.К.; Джумағалиева З., Темиргалиева А.
Барлығы	20	100%	

Талдау нәтижесі көрсеткендей, Мырзатаева А.Т. және Матбек Н.К.. (2022); Темиргалиева А. (2025); Нарбекқызы А. (2025) зерттеулердің басым бөлігі (40%) әлеуметтік және институционалдық контексте жүргізілген. STEM және тілдік пәндер бойынша зерттеулер тең үлеске ие (әрқайсысы 20%). Өнер және креативті бағыттағы еңбектердің үлесі 10%-ды ғана құрайды, бұл бағытта эмпирикалық зерттеулердің әлі жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Кесте 4 – Батыс зерттеулеріндегі қолдану саласы

Қолдану саласы	Мақала саны	Үлес (%)	Негізгі авторлар (іріктеп)
STEM пәндері	9	28%	Nathaniel және т.б.; Letteri & Vittorini; Kohen-Vacs және т.б.; Manorat және т.б.; Tasdelen және т.б.; Schleifer және т.б.
Тілдік пәндер	3	9%	Bellot және т.б.; Liao; Oppenheimer және т.б.
Әлеуметтік ғылымдар / Teacher Education	14	44%	Prilop және т.б.; Dilek; Tan және т.б.; Lewis; Dalyanci; Kim; Nature Comm. (Lelescu); UK EdTech reports; Cordero
Өнер және креативті бағыттар	1	3%	Bellot (әдебиет бағыты)
Пәнаралық / әдіснамалық AI зерттеулер	5	16%	Andersen және т.б.; Wang және т.б.; Liu Dong және т.б.; Riedmann & Schaper
Барлығы	32	100%	

Батыс зерттеулерінің құрылымы генеративті ЖИ педагогикалық қолданылуы ең алдымен мұғалімдерді даярлау мен әлеуметтік ғылымдар контекстінде теориялық-әдіснамалық тұрғыдан белсенді талданатынын, ал STEM саласында педагогикалық-тәжірибелік қолданылуы айқын көрінетінін дәлелдейді. Бұл үрдіс Батыс білім беру жүйелерінде ЖИ-ді тек технологиялық құрал ретінде емес, педагогикалық трансформация факторы ретінде қарастыру басымдығын көрсетеді.

Кесте 5 – Ресей зерттеулеріндегі қолдану саласы

Қолдану саласы	Мақала саны	Үлес (%)	Авторлар
STEM пәндері	1	5%	Filiprov P.N., Komarov A.G. және т.б. (микробиология курсы)
Тілдік пәндер	2	10%	Togumbetova Z.S.; Sergazina S.A., Numusheva R.Z.
Әлеуметтік ғылымдар / Teacher Education	9	45%	Korchak A.E. және т.б.; Filipova A.G. және т.б.; Rudenko E.S., Turyanskaya S.A.; Pospelova E.A. және т.б.; Kapterev A.I.; Gasanova A.; Nikolaev A.A., Surkina S.E.; Toreeva T.A.; RUDN Psych Ped (2025)
Өнер және креативті бағыттар	0	0%	—
Пәнаралық / құқық / қауіпсіздік / жалпы AI	8	40%	Smyshliaeva O.V., Gruzdeva M.L.; Doroshev D.V.; Aniuschenkova O.N.; Sukhorodkov D.S.; Strebkova K.E. және т.б.; Morozov A.V.; Гасанюк және т.б.; CyberLeninka (2022)
Барлығы	20	100%	

Ресей зерттеулерінің құрылымы генеративті ЖИ-ді педагогикалық құрал ретінде қолдануға қарағанда, оның әлеуметтік-педагогикалық, құқықтық және қауіпсіздік аспектілеріне көбірек назар аударылатынын байқатады. Бұл үрдіс технологияны білім беру жүйесіне енгізуде реттеушілік және институционалдық факторлардың басымдығын көрсетеді.


Кесте 6 – Азия зерттеулеріндегі қолдану саласы

Қолдану саласы	Мақала саны	Үлес (%)	Авторлар
STEM пәндері	4	20%	Bushuyev S.; Zhang X.; Lee J.; Sato M.
Тілдік пәндер (ESL, writing)	4	20%	Wei J.; Hussain S.; Chen L.; (AI writing assessment)
Әлеуметтік ғылымдар / Teacher Education	4	20%	Ibrahim A.; Rahman M.; Kumar R.; Ghosh T.
Өнер және креативті бағыттар	0	0%	—
Пәнаралық / саясат / этика / библиометрия	8	40%	Wong L.-H.; Irwanto I.; Sharma R.C.; Irwanto et al.; Asia AIED special issue; Yu H.; Shodieva M.; Nguyen T.
Барлығы	20	100%	

Азия зерттеулерінің құрылымы генеративті ЖИ-ді білім беру жүйесіне интеграциялауда стратегиялық-саяси және этикалық мәселелерге айрықша көңіл бөлінетінін, сонымен қатар пәндік қолданудың теңгерімді дамып келе жатқанын дәлелдейді. Бұл аймақта ЖИ технологиялары ұлттық цифрлық трансформация стратегияларымен тығыз байланыста қарастырылатыны байқалады.

Жоғарыда келтірілген әр бір аймақ үшін қолдану саласы бойынша жалпы 92 жұмыстың тақырыптық таралу үлесін келесі диаграммада көре аламыз:

Қолдану саласы бойынша аймақтық талдау



Сурет 2 – Қолдану саласы бойынша аймақтық салыстырмалы талдау

Аймақтық талдау генеративті ЖИ қолдану стратегияларының біркелкі емес екенін көрсетті. Батыс елдерінің зерттеулері көбіне эксперименттік және эмпирикалық сипатта болса, Азия елдеріндегі автоматтандырылған бағалау және адаптивті оқыту жүйелері кеңінен қарастырылады.

2022–2025 жылдар аралығында зерттеулер бойынша генеративті ЖИ негізінен институционалдық және педагогикалық трансформация контекстінде қарастырылған. Зерттеулердің көпшілігі әлеуметтік-педагогикалық және пәнаралық бағытқа бағытталған, ал пәндік – эмпирикалық зерттеулер (STEM, тілдік пәндер) аймақтар бойынша әртүрлі деңгейде дамыған. Өнер және креативті бағыттарда зерттеулер әлсіз байқалады. Бұл көрсеткіштер генеративті ЖИ қазіргі кезеңдегі даму деңгейін – институционалдық интеграцияның бастапқы фазасы – деп бағалауға мүмкіндік береді.

Қолдану формасы бойынша аймақтық талдау негізінде 92 мақала мына бағыттарға бөлінді:

Кесте 7 – Қолдану формалары бойынша талдау

Қолдану формасы	Мақала саны	Үлес (%)	Аймақтық ерекшеліктер (қысқаша)
Контент генерациясы	30	33%	Батыс елдері мен Азияда көбіне әдебиет, STEM пәндері үшін; Қазақстан мен Ресейде эксперименталды материалдар
Автоматтандырылған бағалау	22	24%	Басты бағыт – STEM пәндері, бағалау жүйесі; АҚШ пен Еуропа зерттеулері басым
Дербестендірілген оқыту	18	20%	Азия мен Қазақстанда кең таралған, персонализацияға арналған кейстер
Академиялық жазуға қолдау	12	13%	Тілдік пәндер мен ESL, әсіресе Азия мен Қазақстандағы зерттеулерде айқын
Виртуалды тьютор қызметі	10	10%	Әсіресе жоғары білімде және онлайн платформаларда; Батыс елдері үлесі жоғары

Қолдану формасы бойынша да алдымен әр бір аймақ үшін бөлек салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді. Әрбір талдау қорытындысы бойынша зерттеуімізде негізге алынған толық 92 зерттеу материалдары бойынша генеративті ЖИ қолдану формалары бес негізгі бағытта көрініс тапты: контент генерациясы, автоматтандырылған бағалау, дербестендірілген оқыту, академиялық жазуға қолдау және виртуалды тьютер қызметі.

Контент генерациясы ең көп таралған қолдану формасы болып, зерттеулердің 33%-ын құрады. Батыс елдері мен Азия зерттеулерінде STEM және әдеби пәндерде контент генерациясы тиімділігі жоғары екені көрсетілген, ал Қазақстан мен Ресейде педагогикалық тәжірибелер мен экспериментталды кейстерге басымдық берілген. Автоматтандырылған бағалау 24% үлесті көрсетеді, АҚШ және Еуропа зерттеулерінде STEM пәндерінде бағалаудың тиімділігі және объективтілігі ерекшеленген, ал кейбір зерттеулерде техникалық шектеулер мен этикалық мәселелер атап өтілген. Дербестендірілген оқыту 20% үлес, мұнда генеративті ЖИ студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқу траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Бұны қолдану формасы әсіресе Азия және отандық зерттеулерде белсенді қарастырылған. Академиялық жазуға қолдау үлесі 13% құрап, көбіне тілдік пәндер мен ЖИ құралдары студенттердің академиялық жазу дағдыларын дамытуға, мәтіндерді редакциялауға және құрылымдауға көмек береді, алайда кейбір зерттеулерде құралдарға тәуелділіктің этикалық аспектілері көрсетілген. Виртуалды тьютер қызметі ең аз үлес 10% зерттеулерде кездеседі. Бұл бағыт онлайн және гибридік оқыту жағдайында студенттерге жеке көмек көрсетуге бағытталған. Әсіресе жоғары білім деңгейінде және Батыс университеттерінде виртуалды тьютерлық қызметтің тиімділігі байқалады.



Сурет 3 – Жалпы барлық зерттеулер бойынша қолдану формасының пайыздық үлесі

Жалпы, қолдану формалы бойынша талдау көрсеткендей, генеративті ЖИ білім беру процесінде ең алдымен контент құру және бағалау, кейіннен дербестендірілген оқыту және академиялық қолдау бағыттарына басымдық береді. Виртуалды тьютер қызметі әзірге эксперименталды сипатта және кең таралмаған. Бұл нәтижелер генеративті ЖИ қазіргі кезеңде педагогикалық тәжірибеде негізінен қолдау және автоматтандыру функциялары атқаратынын көрсетеді, ал толық интеграция мен креативті бағыттардағы қолдану әлеуеті әлі зерттелу сатысында.


Педагогикалық тиімділікті аймақтық талдау негізінде төрт негізгі аспектіні қамтиды: академиялық жетістік, мотивация, сыни ойлау және метатанымдық дағдылар.

Кесте 8 – Педагогикалық тиімділік

Педагогикалық тиімділік	Мақала саны	Үлес (%)	Аймақтық ерекшеліктер
Академиялық жетістік	40	43%	Батыс елдері мен Азияда STEM және тілдік пәндерде көрсетілген; автоматтандырылған бағалау арқылы бағалау нәтижелерін жақсарту
Мотивация	25	27%	Контент генерациясы және дербестендірілген оқыту арқылы студенттердің оқу қызығушылығын арттыру; АҚШ пен Еуропада зерттеулер көп
Сыни ойлау	15	16%	Әсіресе әдебиет, әлеуметтік ғылымдар және креативті бағыттарда; виртуалды тьюторлық қызметпен байланысты
Метатанымдық дағдылар	12	14%	Басты түрде генеративті ЖИ құралдары арқылы өз-өзін бағалау, оқу стратегияларын жетілдіру; Азия мен Қазақстан зерттеулерінде байқалған

Аймақтық талдау көрсеткендей генеративті ЖИ білім беру контекстінде төрт негізгі педагогикалық тиімділік бағытында әсер етеді. Академиялық жетіктік ең басым бағыт болып, зерттеулердің 43% құрайды. Батыс елдері мен Азия зерттеулері бұл бағытта ең көп эмпирикалық мәлімет берген. Мотивация 27% үлеспен, зерттеулердің дербестендірілген оқу траекториялары мен интерактивті контент студенттердің оқу процесіне қатысуын күшейтеді, әсіресе онлайн және гибридік платформаларда. Сыни ойлау 16% үлес, бұл бағыт көбіне әдебиет, әлеуметтік ғылымдар және креативті пәндерге қарастырылған. Метатанымдық дағдылар 14% үлес, бұл студенттер өз оқу стратегияларын қалыптастыру, өз-өзін бағалау және оқу процесін басқару үшін ЖИ құралдарын қолдану, Азия мен отандық зерттеулерде ерекше орын алған.

Педагогикалық тиімділік бойынша талдау



Сурет 4 – Аймақ бойынша педагогикалық тиімділік бойынша салыстырмалы талдау нәтижесі

Жалпы, педагогикалық тиімділік бойынша талдау көрсеткендей, генеративті ЖИ оқыту нәтижелерін арттыру, студенттердің мотивациясын көтеру, сыни ойлау және метатанымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Алайда, кейбір бағыттарда зерттеулер саны шектеулі, әсіресе сыни ойлау мен метатанымдық дағдылар саласында, бұл болашақ зерттеулер үшін әлеуетті бағыттарды көрсетеді.

Нәтижелер. Салыстырмалы талдау барысында келесі аймақтық ерекшеліктер анықталды: АҚШ пен Еуропа: генеративті ЖИ көбіне эмпирикалық эксперименттер мен оқу аналитикасына негізделген; STEM және тілдік пәндерде кең қолданылады. Азия елдері: адаптивті оқыту жүйелері мен автоматтандырылған бағалау негізгі бағыт болып табылады; жеке оқу траекториялары мен контент генерациясы жиі қарастырылады. Ресей: номативтік-құқықтық және этикалық аспектілер кең талданып, педагогикалық стратегияларға назар аударылады. Қазақстан: генеративті ЖИ интеграцияның бастапқы кезеңі және мұғалімдерді даярлау мәселелері алдыңғы орында; эмпирикалық зерттеулер әлі шектеулі.

Бұл тенденциялар генеративті ЖИ қолдану тәжірибесі мен педагогикалық әсерін әр аймақтың зерттеу мәдениеті, инфрақұрылымы және білім беру жүйесіне байланысты екенін көрсетеді.

Кесте 9 – Аймақтық зерттеулердің әдістемелік фокусы

Аймақ	Эмпирикалық (%)	Эксперименттік (%)	Теориялық (%)	Аралас (%)	Негізгі фокус
Қазақстан	20	15	25	40	Академиялық жазу, ЖИ сауаттылық
Ресей	15	10	40	35	Этика, реттеу, құқық
АҚШ	35	30	10	25	Персонализация, ЖИ репетиторлық
Еуропа	30	25	20	25	Басқару, ЖИ сауаттылық
Азия	25	20	15	40	Адаптивті оқыту, автоматтандыру

Бұл кесте интерпретациялық аймақтық салыстырмалы талдауды визуалды және мәтіндік түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге генеративті ЖИ зерттеулері әдістемелік фокусы мен педагогикалық контекстке байланысты талдау барысында әр аймақ төмендегідей ерекшеленеді: Қазақстан – зерттеулер көбіне аралас әдістемелік (эмпирикалық + теориялық) сипатқа ие, бұл генеративті ЖИ интеграциясының бастапқы кезеңін көрсетеді. Ресей – теориялық зерттеулер үлесі жоғары, ал эмпирикалық және эксперименттік зерттеулер аз, бұл ЖИ нормативтік және құқықтық негіздерін зерттеуге мән беретінін көрсетеді. АҚШ және Еуропа – бұл аймақтағы зерттеулер студенттердің оқу нәтижелеріне тікелей әсерін бағалауға бағытталған эмпирикалық және эксперименттік, әртүрлі әдістемелік комбинациялары бар ЖИ басқару және мұғалімдерді даярлау аспектілерін көрсетеді. Азия – аралас әдістер жиі қолданылып, технологиялық және практикалық қолдануға басымдық береді.

Ресей мен отандық зерттеулер педагогтардың дайындық деңгейі, нормативтік реттеу және цифрлық инфрақұрылым мәселелеріне бағытталған. Бұл айырмашылықтар генеративті ЖИ интеграциясының құрылымын құру қажеттілігін негіздейді.

Ұсынылатын модель төрт деңгейден тұрады:

1. Педагогикалық интеграция;
2. Технологиялық инфрақұрылым;
3. Басқару және саясат;
4. Этика және тәуекелдерді басқару.

Бұл модель генеративті ЖИ енгізудің жүйелі және жауапты стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, генеративті ЖИ интеграциясы аймақтық контекстке тәуелді. С. Prilop және тағы басқа ғалымдардың (2025) еңбектерінде мұғалімдердің ЖИ сауаттылығы мен ұлттық білім беру саясаты генеративті ЖИ енгізу қарқынына тікелей әсер ететінін дәлелдеді.

АҚШ пен Еуропада эмпирикалық эксперименттер басым болса, Азия елдерінде адаптивті оқыту жүйелері мен жеке оқуға бағытталған ЖИ технологиялар кеңінен зерттелуде, атап айтқанда ЖИ-мен басқарылатын адаптивті оқыту платформалары оқу мазмұнын нақты уақыт жағдайында оқушының прогресіне қарай реттеуге мүмкіндік береді [8]. Ресейлік зерттеулерде генеративті ЖИ жоғары білім беру жүйесіне енгізудің теориялық, технологиялық және этикалық қиындықтары кең талданады, атап айтқанда: ЖИ оқу процесіне әсері, педагог рөлінің өзгеруі және этикалық тәуекелдер [9]. Осыған байланысты генеративті ЖИ құралдарының білім беру жүйесіндегі қолданысын аймақтық салыстырмалы тұрғыдан кешенді талдай қажеттілігі туындайды. Бұл зерттеу PRISMA 2020 стандартына сүйене отырып отандық, халықаралық ғылыми еңбектерді жүйелі түрде талдайды және педагогикалық интеграцияның құрылымдық моделін ұсынады.



Сурет 5 – Білім берудегі генеративті ЖИ интеграция моделі

Талқылау. Зерттеуде қолданылған 92 ғылыми мақаланың сипаттамалық салыстырмалы талдауы генеративті ЖИ білім беру жүйесіне енгізу бір ғана технологиялық шешім емес, кешенді институционалдық трансформация екенін көрсетті. Аймақтық салыстыру нәтижелері ЖИ интеграциясының мазмұны мен басымдықтары әр елде әртүрлі екенін дәлелдеді. Осы эмпирикалық негізге сүйене отырып, төрт компоненттен тұратын «Білім берудегі генеративті ЖИ интеграция моделі» ұсынылады. Модельдің әр компоненті зерттеу нәтижелерінде анықталған тенденциялармен негізделеді.

1. Педагогикалық интеграция. Талдау нәтижелері бойынша зерттеулердің басым бөлігі әлеуметтік ғылымдар, педагогтарды даярлау және оқу процесіне тікелей әсер ететін бағыттарға шоғырланған (38%). Сонымен қатар педагогикалық тиімділік көрсеткіштері ішінде академиялық жетістік пен мотивация ең жиі қарастырылған. АҚШ пен Еуропада генеративті ЖИ көбіне персонализация, виртуалды тьюторлық қызмет және оқу аналитикасы арқылы эмпирикалық эксперименттер негізінде қолданылады. Азия елдерінде адаптивті оқыту жүйелері кеңінен енгізілген. Қазақстанда академиялық жазу мен AI сауаттылыққа басымдық берілген. Бұл деректер педагогикалық компоненттің модельдің орталық элементі екенін көрсетеді. Генеративті ЖИ білім беру құндылығы оның: оқу бағдарламасына кіріктірілуімен, дербестендірілген оқытуды қамтамасыз етуімен, автоматтандырылған кері байланыс беруімен, академиялық жазуды қолдауымен анықталады. Педагогикалық интеграция жеткіліксіз болған жағдайда ЖИ тек қосымша құрал деңгейінде қалып қояды.

2. Технологиялық инфрақұрылым. Аймақтық талдау Азия елдерінде автоматтандырылған бағалау мен адаптивті жүйелердің басымдығын көрсетті. Бұл технологиялық дайындық деңгейінің жоғары екенін білдіреді. Технологиялық инфрақұрылымға мыналар кіреді: LSM-пен интеграция, деректер қауіпсіздігі, оқу аналитикасы, автоматтандырылған бағалау, масштабталатын ЖИ платформалар. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей,

технологиялық инфрақұрылым педагогикалық тиімділікке тікелей әсер етеді. Инфрақұрылым жеткіліксіз болған жағдайда: дербестендіру мүмкіндігі шектеледі, оқу аналитикасы толық іске аспайды, сапалы кері байланыс беру қиындайды. Сондықтан технологиялық компонент модельдің функционалдық негізін құрайды.

3. Басқару және саясат. Ресей зерттеулерінде нормативтік-құқықтық және этикалық аспектілер кеңінен талданған. АҚШ пен Еуропада басқару және институционалдық саясат мәселелері басым. Бұл нәтижелер генетаривті ЖИ енгізу институционалдық реттеусіз тұрақты болмайтынын көрсетеді. Басқару және саясат компоненті мыналарды қамтиды: институционалдық ЖИ саясаты, академиялық адалдық ережелері, мұғалімдерді даярлау бағдарламалары, ЖИ сауаттылығының стандарты, сапаны бақылау механизмдері. Қазақстан зерттеулері мұғалім даярлау мен бастапқы интеграция кезеңіне бағытталғаны басқарушылық құрылымдардың әлі қалыптасу үстінде екенін білдіреді. Басқару компоненті модельде жүйелілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін стратегиялық деңгей болып табылады.

4. Этика және тәуекелдерді басқару. Талдау нәтижелері этика, плагиат, авторлық құқық және алгоритмдік әділеттілік мәселелерінің кең талданатынын көрсетті. ЖИ бақылаусыз қолданылуы академиялық адалдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Этика компоненті келесі аспектілерді қамтиды: академиялық адалдық, плагиат тәуекелі, алгоритмдік әділеттілік, дербес деректерді қорғау, тәуекелдерді жүйелі бағалау. Аймақтық салыстыру көрсеткендей, бұл бағыт әсіресе Ресей мен Еуропада кең талданады, ал Қазақстанда бұл мәселе енді ғана жүйеленіп келеді. Этика компоненті модельдің тұрақтылық және жауапты инновация принциптерін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері 4 компоненттің өзара тәуекелді екенін көрсетті: педагогикалық интеграция технологиялық инфрақұрылымсыз толық іске аспайды, технологиялық шешімдер басқару мен саясатсыз реттелмейді, басқару жүйесі этикалық регламентсіз тұрақты болмайды, этикасыз интеграция ұзақ мерзімді сенім мен сапаны қамтамасыз ете алмайды.

Осылайша, ұсынылған модель генеративті ЖИ енгізуді технологиялық құрал ретінде ғана емес, институционалды трансформация үдерісі ретінде, көпдеңгейлі және өзара байланысты жүйе ретінде қарастырады.

Қорытынды. Генеративті ЖИ құралдарының білім беру саласында қолданылу тәжірибесі мен аймақтық ерекшеліктері анықталды. Салыстырмалы талдау бойынша Батыс елдері (АҚШ пен Еуропа) эмпирикалық және эксперименттік зерттеулерге басымдық беріп, генеративті ЖИ нақты оқу нәтижелерін бағалау және педагогикалық интервенцияларды жетілдіру мүмкіндігін көрсетеді. Азия елдерінде зерттеулер негізінен адаптивті оқыту жүйелері мен автоматтандырылған бағалауға бағдарланған, бұл технологиялық және практикалық қолдануға басымдық беретінін білдіреді. Отандық зерттеулердің көп бөлігі академиялық жазу, ЖИ сауаттылық

және мұғалімдерді даярлау мәселелеріне бағытталған, бұл интеграцияның бастапқы кезеңінде екенін көрсетеді. Ресей зерттеулері этика, құқықтық және нормативтік аспектілерге мән береді, бұл ЖИ нормативтік шеңберлерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Жалпы зерттеулер көрсеткендей, генеративті ЖИ білім беру процесінде оқу нәтижесін жақсарту, оқу мотивациясын арттыру және дербестендірілген оқытуды қамтамасыз ету бағытында маңызды рөл атқарады. Аймақтық ерекшеліктер мен пәндік контекст қолданудың тиімділігін және зерттеу бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ұсынылған білім берудегі генеративті ЖИ интеграция моделі аймақтық салыстырмалы талдау нәтижелеріне негізделген, қолдану саласы, қолдану формасы және педагогикалық тиімділік нәтижелерін біріктіреді, генеративті ЖИ енгізудің жүйелі және жауапты стратегиясын ұсынады, білім беру ұйымдарына өзін-өзі бағалау және даму жол картасын құру құралы бола алады.

References

- Andersen N., Mang J., Goldhammer F. et al. (2025) Algorithmic Fairness in Automatic Short Answer Scoring. *Int J Artif Intell Educ* 35. — P. 3128–3165. <https://doi.org/10.1007/s40593-025-00495-5> (in Eng.)
- Braun V., & Clarke V. (2006) Using thematic analysis in psychology. *Qualitative Research in Psychology*, 3(2). — P. 77–101. <https://doi.org/10.1191/1478088706qp063oa> (in Eng.)
- Christopher Neil Prilop, Dana-Kristin Mah, Lucas Jasper Jacobsen, Rasmus R. Hansen, Kira Elena Weber, Fabian Hoya. (2025) Generative AI in teacher education: Educators' perceptions of transformative potentials and the triadic nature of AI literacy explored through AI-enhanced methods, *Computers and Education: Artificial Intelligence*, Volume 9, 100471, ISSN 2666-920X. <https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100471> (in Eng.)
- Cordero J., Torres-Zambrano J., & Cordero-Castillo A. (2025) Integration of Generative Artificial Intelligence in Higher Education: Best Practices. *Education Sciences*, 15(1). — 32 p. <https://doi.org/10.3390/educsci15010032> (in Eng.)
- Dwivedi, Y.K., Kshetri N., Hughes L., Slade E.L., Jeyaraj A., Kar A.K., Baabdullah A.M., Koohang A., Raghavan V., Ahuja M., Albanna H., Albashrawi M.A., Al-Busaidi A.S., Balakrishnan J., & Wright R. (2023) “So what if ChatGPT wrote it?” *Multidisciplinary perspectives on opportunities, challenges and implications of generative conversational AI for research, practice and policy*. *International Journal of Information Management*, 71, Article 102642. <https://doi.org/10.1016/j.ijinfomgt.2023.102642> (in Eng.)
- Hariyanto Kristianingsih F.X.D. & Maharani R. (2025) Artificial intelligence in adaptive education: a systematic review of techniques for personalized learning. *Discov Educ* 4. — 458 p. <https://doi.org/10.1007/s44217-025-00908-6> (in Eng.)
- Higgins J.P.T., Thomas J., Chandle, J., Cumpston M., Li T., Page M.J., & Welch V.A. (Eds.) (2022) *Cochrane handbook for systematic reviews of interventions* (2nd ed.). Cochrane. <https://training.cochrane.org/handbook> (in Eng.)
- Kaptrev A.I. (2023). Problemy, svyazannye s generativnym iskusstvennym intellektom dlya sistemy vysshego obrazovaniya [Challenges of generative artificial intelligence for the higher education system]. *Informatizatsiya obrazovaniya*, 20(3). — P. 255–264. <https://doi.org/10.22363/2312-8631-2023-20-3-255-264> (in Rus.)
- Kitchenham B., & Charters S. (2007) *Guidelines for performing systematic literature reviews in software engineering* (EBSE Technical Report, EBSE-2007-01). Keele University and Durham University. <https://www.inf.ufsc.br/~aldo.vw/kitchenham.pdf> (in Eng.)
- Liu Dong, Xiuxiu Tang, Xiyu Wang (2025) Examining the effect of artificial intelligence in

relation to students' academic achievement: A meta-analysis, *Computers and Education: Artificial Intelligence*, Volume 8, 100400, ISSN 2666-920X, <https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100400>; (in Eng.)

Murzataeva A.T., Matbek N.K. (2022) Syni tırrıysynan oılaw әdisin әdebiet sabarynda qoldanu [Using the critical thinking method in Literature lessons]. *Bulletin of the Abylai Khan Kazakh University of international relations and world languages. Philological Sciences series. Tom 66 № 3* (2022). — P. 293-305. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.66.3.021> (in Kaz.)

Narbekkyzy A. (2025) Developing students' critical thinking skills through the use of Artificial Intelligence (AI) in Kazakh language lessons. *Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal*, 2 (Special Issue). — P. 1791–1802. <https://doi.org/10.63034/esr-327>. (in Eng.)

Nguyen A., Ngo H.N., Hong Y. et al. (2023) Ethical principles for artificial intelligence in education. *Educ Inf Technol* 28. — P. 4221–4241. <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11316-w> (in Eng.)

Page M J, McKenzie J E, Bossuyt P M, Boutron I, Hoffmann T C, Mulrow C D et al. (2021) The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews *BMJ*; 372 :n71 doi:10.1136/bmj.n71 (in Eng.)

Selwyn N. (2022) *Education and technology: Key issues and debates* (2nd ed.). Bloomsbury Academic. <https://doi.org/10.1080/17439884.2022.2036744> (in Eng.)

Seufert S, Guggemos J, Sailer M. (2021) Technology-related knowledge, skills, and attitudes of pre- and in-service teachers: The current situation and emerging trends. *Comput Human Behav.* 115:106552. doi: 10.1016/j.chb.2020.106552. (in Eng.)

Shan Wang, Fang Wang, Zhen Zhu, Jingxuan Wang, Tam Tran, Zhao Du. (2024) Artificial intelligence in education: A systematic literature review, *Expert Systems with Applications*, Volume 252, Part A, 124167, ISSN 0957-4174. <https://doi.org/10.1016/j.eswa.2024.124167> (in Eng.)

Temirgalieva A. (2025) Development of Critical Thinking through the Use of AI. *Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal*, 2(Special Issue). — P. 2439–2450. <https://doi.org/10.63034/esr-300>. (in Eng.)

Zawacki-Richter O., Marin V.I., Bond M., & Gouverneur F. (2019) Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? *Computers & Education*, 146. — 103599 p. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103599> (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3